



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 9 қыркүйек

2019 жылғы 30 тамыз – 6 қыркүйек аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

6 қыркүйектегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,1%-ға әлсіреп (387,46-ден), бір АҚШ доллары үшін 387,82 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 30 тамыз 6 қыркүйек аралығындағы кезеңде АҚШ ФРЖ басшысының пайыздық мөлшерлеменің тағы да төмендеу ықтималдығы туралы мәлімдеуі, бұл ретте ол АҚШ-та рецессияны күтулердің болмауын атап өтті, тамызда АҚШ-тың еңбек нарығы бойынша әр түрлі деректерді жария ету – жұмыссыздықтың өзгермейтін деңгейі (3,7%) және ауыл шаруашылық секторынан тыс жұмыс орындары санының өсу қарқынының төмендеуі (130 мың), тамызда АҚШ-та іскерлік белсенділіктің баяулауы (50,7), тамызда ҚХР-да іскерлік белсенділіктің өсуі (50,4) туралы статистиканың шығуы, ҚХР Сауда министрлігінің АҚШ-пен келіссөздер қайта басталатыны жөніндегі мәлімдемесі: кезекті раунд қазан айының басында өтеді, Гонконг әкімшілігі басшысының оның салдарынан жаппай наразылық акциялары болып жатқан экстрадициялау туралы заңнан формалды түрде бас тартуы туралы мәлімдемесі болды.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка ранды** капиталдың әкелінуі және ІЖӨ-нің өсуі бойынша позитивті деректердің шығуы аясында 2,6%-ға (15, 2-ден 14,81-ге дейін) нығайды;

- **Мексика песосы** инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жағандық өсуі және тамызда елдегі іскери белсенділіктің қысқаруы (қатарынан үш ай) туралы деректердің шығуына қарамастан АҚШ доллары бағамының әлсіреуі аясында 2,6%-ға (20,06-ден 19,53-ке дейін) нығайды;

- **Бразилия реалы** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жақсаруы, нарыққа қатысушылардың АҚШ долларына сұранысын қанағаттандыру бойынша ОБ-нің өктемдік жүргізуінің жалғасуы аясында 2,2%-ға (4,15-тен 4,06-ға дейін) нығайды. Зейнетақылық заң жобасы Сенаттың Комитетінде дауысқа шығарылады, Конгресс сенаторы процесті жылдамдату үшін қажетті түзетулерді қатар қарауды ұсынды;


- **түрік лирасы** тамызда инфляцияның баулауы туралы деректердің шығуы аясында 2,1%-ға (5,83-тен 5,71-ге дейін) нығайды;

- **Ресей рублі** мұнай бағасына бағалардың позитивті серпіні және АҚШ долларының дамушы нарықтардың валюталарына қарағанда жағандық әлсіреуі аясында 1,4%-ға (66,72-ден 65,78-ге дейін) нығайды. РФ ОБ негізгі мөлшерлемені 7%-ға дейін 25 п.т. төмендету туралы шешім қабылдады;



¹ АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Индонезия рупиясы** АҚШ пен ҚХР арасындағы келіссөздерді жаңғырту туралы хабардың аясында 0,7%-ға (14 198-ден 14 101-ге дейін) нығайды.

- **үнді рупиясы** ІЖӨ-нің 2019 жылғы 2-тоқсанда өсуінің 5%-ға ж/ж дейін баяулауы туралы деректердің шығуы аясында 0,4%-ға (71,41-ден 71, 73-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 23 тамыз = 100,
индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 3 302 452 (1452, 5556)
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz